ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ
Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты
«Энергетика» кафедрасы
5В071800 – Электр энергетикасы

Оразалиев Темирлан Бакытжанович

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау»

5В071800 - «Электр энергетикасы»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

«Энергетика» кафедрасы

5В071800 – Электр энергетикасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісінің м.а.,
PhD докторы
_____Е.А. Сарсенбаев
«17» _____05_____2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

«Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау»

5В071800-«Электр энергетикасы» мамандығы бойынша

Орындаған Оразалиев Т.Б.

Пікір беруші
М. Тынышпаева атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы
PhD, «Электроэнергетика» кафедрасының доценті
_____Ж.Ж.Калиев
(қолы)
«17» _____05_____2019 ж.

Ғылыми жетекші
лектор
_____Г.Ш. Тоқпеисова
(қолы)
«17» _____05_____2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

«Энергетика» кафедрасы

5В071800 – Электр энергетикасы

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісінің м.а.,
PhD докторы
_____Е.А. Сарсенбаев
«28» 01 2019 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Оразалиев Темирлан Бакытжанович*
Тақырыбы: *«Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау».*
Университет ректорының *2018 ж. «30» қазанындағы № 1210 - б бұйрығымен бекітілген.*
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«6» мамыр 2019 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер: *Қорек көзі ЖЭО-дан және шексіз қуатты резервтік энергожүйеден орындалған. ЖЭО жүйемен қатар жұмыс істейді. ЖЭО-ның 10,5 кВ шиналарындағы қысқа тұйықталу қуаты 400 МВА. Қосалқы станцияда кернеуі 35/10,5/6,3 кВ 16 МВА қуаты бар екі трансформатор орналасқан. Трансформаторлар тәуелсіз бөлек жұмыс істейді. Қосалқы станцияның 35 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 600 МВА құрайды. ЖЭО-дан зауытқа дейін 4,8 км, қосалқы станцияның энергия жүйесінен зауытқа дейін 7 км.Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді.*
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:
а) Электрлік жүктемелерді есептеу;
б) Арнайы бөлім: «Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау»;
в) Электр қауіпсіздігі;
Сызбалық материалдар тізімі: *Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:*15 атау*

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	**Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері**	**Ескерту**
Электрлік жүктемелерді есептеу		28.02.
Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау		28.02.

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Негізгі бөлім	Тоқпеисова Г.Ш. лектор		16.05
Арнайы бөлім	Тоқпеисова Г.Ш. лектор		16.05
Норма бақылау	Балгаев Н.Е. PhD докторы, сениор - лектор	17.05.19ж	

Ғылыми жетекші _____ Г.Ш.Тоқпеисова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Оразалиев Т.Б.

Күні «_____»_____2018 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс құбыр зауытының электрмен жабдықтау жүйесін жобалауға арналған. Электржөндеу цехы бойынша және барлық зауыт бойынша жүктемені есептеу жүргізілді, Электрмен жабдықтаудың ең тиімді схемалары таңдалған (екі нұсқаны салыстыра отырып), 0,4 кВ және 10 кВ шиналарындағы қысқа тұйықталу токтары есептелген, олардың нәтижелері бойынша электржабдықтарын таңдау жүргізілді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа предназначена для проектирования системы электроснабжения трубного завода. Была рассчитана нагрузка электростанции и всех станций, выбраны наиболее эффективные схемы электроснабжения (сравнение двух вариантов), обрывы короткого замыкания 0,4 кВ и 10 кВ, по результатам которых был сделан выбор электрооборудования.

ANNOTATION

The diploma work is intended for designing the power supply system of the pipe plant. The electric power plant and all plant loadings were calculated, the most efficient electricity schemes were selected (comparing two versions), 0.4 kV and 10 kV short-circuit breaks, according to the results of which the selection of electrical equipment was made.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	ЖШС «Қазақстан құбыр зауытының» технологиялық процесі	9
2	Зауыттың электрмен жабдықтауын құрастыру	13
2.1	Жұмыстың бастапқы берілістері	13
2.2	Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу	13
2.3	Цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты қарымталау	18
2.4	$Q_{нбк}$ ТП-ң реактивті жүктемесіне пропорционал тарату	20
2.5	ГПП 10 кВ шинасындағы реактивті қуаттың компенсациясын есептеу	22
2	Арнайы бөлім	24
3.1	Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау	24
3.1.1	Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын салыстыру	24
3.2	Бірінші нұсқа	24
3.2.1	ГПП трансформаторларын таңдау	24
3.2.2	Электр беріліс желісі (ЭБЖ) кернеуі 35 кВ	26
3.3	Кернеуі 35 кВ-қа ажыратқыш таңдаймыз	27
3.4	Бірінші нұсқа бойынша шығынның есеп-қисабы	28
3.5	Екінші нұсқа	32
3.5.1	ЭБЖ кернеуі 10,5 кВ	32
3.6	Кернеуі 10,5 кВ-қа ажыратқыш таңдау	33
3.7	Екінші нұсқа бойынша шығынның есеп-қисабы	35
3.8	Кернеуі 10,5 кВ-ті жабдықтарды таңдау	37
3.8.1	Шинадағы қысқа тұйықталу тоғын есептеу	37
3.9	Алыстатылған желілердегі ажыратқышты таңдау	39
3.10	Алыстатылған жүктемелерге кабель таңдау	40
3.11	ТП-ғы жүктеме ажыратқышын таңдау	41
3.12	ТП-ға автоматтық ажыратқышты таңдау	41
3.13	Ток трансформаторын таңдау	42
3.13.1	Кернеуі 10,5 кВ шина мен ТП1-3 желісіндегі ток трансформаторы	42
3.13.2	Кернеуі 10,5 кВ шина мен ТП4-7 желісіндегі ток трансформаторы	43
3.14	Кернеу трансформаторын таңдау	45
4	Электр қауіпсіздік ережелері	46
	Қорытынды	47
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	48

КІРІСПЕ

Елдегі энергетика халық шаруашылығында және түрлі салаларда электр энергиясын тұтынушыларды сенімді электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Қазақстанда өндірілген электр энергиясын тұтыну бойынша бірінші орында өндіріс саласы тұр және жалпы энергияның 70% - ын құрайды.

Электр энергиясы халық шаруашылығының барлық салаларында, әсіресе электр жетегінің әртүрлі механизмдері үшін, ал кейінгі жылдары-әртүрлі электртехналогиялық қондырғылар, оның ішінде электротермиялық және электр дәнекерлеу құрылғылары, электролиз, электролиз, материалды электр және электр бөлуші өңдеу, электр және т.б. үшін қолданылады.

Энергожүйені жоспарлау кезінде қосымша қуатты тұтынушылар орнату қажет, жүйенің барлық аумағында қуат коэффициенті жоғары деңгейде болуы және жүйедегі электр энергиясының сапасын бақылау мүмкіндігі болуы тиіс. Осыған байланысты электр энергиясын тұтынушылардың өзіндік ерекшеліктері бар, осыған байланысты электрмен жабдықтауға мынадай талаптар қойылады: қорек көзінің сенімділігі, электр энергиясының сапасы, жеке элементтерді сақтау және қорғау. Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау жүйелерін жобалау және қолдану кезінде дұрыс кернеудің техникалық-экономикалық негіздемесін таңдау, электр жүктемесін анықтау, қосалқы трансформаторлардың қуаты мен санын, олардың сақтандырғыштарын таңдау, кернеуді реттеу тәсілдері және реактивті қуатты қалпына келтіру жүйесі қажет.

Бұл дипломдық жобада келесі сұрақтар қарастырылды: 1.Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 2. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 3. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 4. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 5. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 6. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 7. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар; 8. Дипломдық жобада қолданылатын негізгі ұғымдар.

Бұл жағдайда электр желілерін жобалау электрмен жабдықтауды дамытудың ұтымды нұсқаларының соңғы санын құрумен байланысты. Олар тұтынушыларды қалыпты және апаттық режимдерде сенімді және сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Экономикалық жағдайлар бойынша неғұрлым ұтымды нұсқаларды таңдау жүргізіледі. Бұл ретте барлық нұсқалар электр жабдығының сенімділігі мен сапасын алдын ала бір деңгейге жеткізеді. Жүйені жобалау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқа да жағдайлар шектеу түрінде ескеріледі.

Энергетикалық бағдарламада энергия үнемдеу саясатын қарастыру дамуда. Электр энергетикалық ресурстарды үнемдеу үшін өндірістегі жабдықтарды энергия үнемдеу құрылғыларына ауыстыру, ескірген қондырғыларды жаңарту, энергетикалық шығындардың барлық түрлерін барынша жою, өндіріс құрылымын жақсарту, энергетикалық ресурстарды қайта құру және пайдалану қажет.

1 ЖШС «Қазақстан құбыр зауытының» технологиялық процесі

Қазіргі кезде ЖШС «Қазақстан құбыр зауыты» 5 түрлі диаметрде полиэтиленді құбыр шығарады.

Оның екеуі финлияндиялық өнім (EX-90-32-225 және EX-120-32-350), үшеуі қытай өнімі (PE 1000A, PE 450A және PE 160A) 1.1-суретте көрсетілген.

1.1 – сурет - ЖШС «ҚҚЗ-дағы» полиэтилен өндіретін экструдерлік сызық

Екпінді құбырларды МЕСТ 18599-2001 бойынша, суық суларды тура таратуға арналған, сонымен біргеқаптамалы құбырлар жылулық желілер мен ыстық суларды таратуға арналған құбырлардың сыртқы қорғанысы болат құбырдан, оқшауламасы МЕСТ 30732-2006 бойынша пенополиуретаннан дайындалған. Құбырлардың диаметрі 20-дан 1200 ммг-ге дейін.

Полиэтиленді құбыр дайындайтын сызықты экструзия өз алдына технологиялық аяқталған үздіксіз экструзияның циклін көрсетеді, калибровка, суыту, сору дайын өнімді кесу мен штабелдеу және оның өзінде құбырды белгілі бір өлшеммен түрлендіретін басы, вакумдық кеңістігі, калибрациясы және суару ваннасы, салқындатқышы, тартатын құрылғысы, маркераторы, кесетін құрылғысы және штабелер немесе кіші диаметрді құбырға арналған автоматты намотчикгі бар.

Үлкен диаметрлі құбырларды номенклатурасын кеңейту және приоритетті ұлғайту мақсатымен 2012 жылы тағы бір экструдерлік сызықты диаметрі 1400 мм болатын Krauss Maffei (Германия) өнімін (1.2-сурет) орнату жоспарлануда.

1.2 – сурет - Krauss Maffei (Германия) экструдерді сызығы

Дәнекерлеу саласы, жылулық желіге арналған үлгілі өнімдерді дайындаудың ең қиын бөлімдерінің бірі болғандықтан 2012 жылы жаңа қондырғылар мен алдыңғы техникаларға көңіл бөлу керек. Қазіргі кезде дәнекерлеу цехының болат құбырларды дайындайтын және болат қағазды өнімдерін дайындайтын аймағы бар. ЧПУ моделі ZPB-680 газ кескіші бар қондырғы (1.3-сурет) құбырдың кез келген бұрышын кесе алады.

1.3- сурет - ЧПУ моделі ZPB-680 газ кескіші бар қондырғы

Әдетте бұйымдарды дайындағанда аса дәлдікпен өндіріп шығару арқылы өнімнің сапасын арттырады. ЧПУ моделі CNC/KDG Flame Cutting machine газды-плазмалы болат қағазды кесу құралы (1.4-сурет) аса дәлділігімен кесу арқылы өнім сапасын арттырады.

1.4- сурет - ЧПУ моделі CNC/KDG Flame Cutting machine газды-плазмалы болат қағазды кесу құралы

W12NC-20X3000 моделді төрт валкого вальцаны алу нәтижесінде және жиынтықты орнатуға порталды орнату арқылы біздің зауыт құбыр дайындауға және болат қағаздардан секторлы отвод шығаруға мүмкіндігі бар. Диаметрі 820 мм және оданда үлкен диаметрлі құбырларға арналған жиекті дайындау үлкен мәселе болған, бірақта бұл мәселеде өз шешімін тапты, газ арқылы кесетін Vets сатып алынды, ол бір мезгілде құбырдың кез келген бұрышы мен құбырдың жиегін қиғаш кесе алады. ҚҚЗ токарь станогын жаңалау арқылы кез келген диаметрдегі құбырдың жиектерін механикалық жөндей алатындай мүмкіндігі бар. Lincoln фирмасының дайын болат құбырларды плазмалық кесетін қондырғысы сатып алынып орнатылуда.

Қазіргі таңда зауытта аттестациядан өткен және оқытылған электрдәнекерлеушілер жұмыс істейді. Lincoln фирмасының жартылай автоматты дәнекерлеуші аппараттарынан екеу сатып алынған. Отандық өнім Павлодар қаласындағы ЖШС «Сварконың» ВДУ-506 моделді жартылай автоматты дәнекерлеуші аппаратынан жетеу бар және де Чебоксары қаласының «Технотрон» атты жартылай автоматты дәнекерлеуші аппаратынан екеу бар. Барлық өнім 100% ультрдыбысты басқарылады.

Сапалы жиек дайындаушылардан кейін айналып кесу аппаратын қолдануға мүмкіндік болды. Ол өнім сапасын арттырып, электрдәнекерлеушілердің жұмысын жеңілдетті. Болашақта технологиялық процесті толық автоматтандырып және оларды толықтай дәнекерлеу автоматтарымен ауыстырылды.

Бұл мақсатқа жету үшін қосымша айналып кесу аппаратынан HBZ-10 моделді 1 т жүк көтеретіннен үшеу және HBZ-30 моделді 3 т жүк көтеретіннен біреу сатып алу жоспарланған.

Дөңгелек түрінде дәнекерлеу аппараттары үшін GGLJ-1000 моделді автоматты дәнекерлеу аппараты алмастырылатын болады.

Болат қағазды отвод бойлық дәнекерлейтін дәнекерлеу апаратын Middle-duty 3,5x5 моделді қосынды қабатты автоматты дәнекерлейтін денкерлеу автоматын алу жоспарланған.

Қараша айының соңы мен желтоқсан айының бас кезінде зауытта финляндиялық компанияның KEMPPI атты дәнекерлеу құрылғысына презентация болып өтті.

Зауыттың бұйымдары үшін орбиталды және жартылай автоматты газға араласқан ортасы, біріңғай тегіс темірі бар дәнекерлеу аппараты қабылданды (аргон+көмірқышқыл газы). FASTMIG Synergic 400, KEMPPI компаниясының ұсынған жартылай автоматты дәнекерлеу апараты (1.5-сурет) өзін жақсы көрсете білді.

1.5- сурет - FASTMIG Synergic 400, KEMPPI компаниясының ұсынған жартылай автоматты дәнекерлеу апараты

Жартылай автоматты дәнекерлеу аппараты әр түрлі дәнекерлеу режимінде жұмыс істей алады, соның ішінде саңылауы 8 мм-ге дейінгі тамырлы тігісті дәнекерлей алады, сонымен қатар келесі дәнекерлеуді жөндеусіз-ақ дәнекерлей береді, себебі ол командалар бағдарламаланып оның жадында сақталған. Дәнекерлеу жұмыстарының сапасын көтеру мақсатында KEMPPI компаниясының дәнекерлеу аппараттарына көшеміз және де 2012 жылы FASTMIG Synergic 400 маркалы жартылай автоматты дәнекерлеу апаратынан бесеу аламыз. Қондырғылардың қоймасы, қосымша бөлшектер мен ескірген бөлшектерді Астана қаласында жылдам ауыстыру мәселесі Қазақстан Республикасындағы KEMPPI сервис орталығы бар болуы сапаның көтерілуіне ықпал жасайды. Қаладағы жылумен қамту желілеріндегі құбырлар трубопроводтан және болатты құбырлардың бұйымдарынан тұрады. Олар ППУ оқшауламасымен оқшауланған. Оқшауламасы дәстүрлі минералды мақталы құбырмен және оқшауламасы пенополиуретаннан жасалған болат құбырлармен салыстырғанда сапасы әлде қайда жоғары.

1) Уақыт жағынан ППУ құбырларындағы құрылыс монтаждық жұмыстары екі есе жылдамырақ.
2) ППУ оқшауламасы бар құбырларды жөндеуге аз шығын кетеді.
3) ППУ құбырларын пайдалану уақыты 30 жылдан кем емес.
4) Жылу жоғалтуы 4-5 есеге аз.
5) ППУ құбырлары сыртқы шіруден толық қорғалған.
6) Құбыр желісін алыстан бақылау мүмкіндігі бар.

2 Зауыттың электрмен жабдықтауын құрастыру

2.1 Жұмыстың бастапқы берілістері

1) Зауыттың жоспары (Слайд 1).
2) Зауыттың цехтері бойынша электрлік жүктемелері туралы мәліметтер– 1.1-кесте.
3) Қорек көзі ЖЭО-дан және шексіз қуатты қосалқы энергожүйеден алынып орындалған. ЖЭО жүйемен параллель жұмыс істейді. ЖЭО-ның 10,5 кВ шинасында қысқа тұйықталу қуаты 400 МВА. Энергожүйенің қосалқы станцияда қуаты 16 МВА кернеулері 35/10,5/6,3кВ екі трансформатор орналасқан. Трансформаторлар бөлек тәуелсіз жұмыс істейді. Қосалқы станцияның 35 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 600 МВА. ЖЭО-дан заводқа дейін 4,8 км, ал қосалқы станция энергожүйесінен заводқа дейін 7 км.
4) Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді.

2.1 - кесте - Цехтердің бастапқы берілістері

Аталуы	Саны ЭП, n	Тұрақтанған қуат, кВт	
		Рнmin÷Рнmax	∑Рн
1 Механикалық цех	21	2,2-22	201
2 Фитинг құю цехы	14	5-50	370,9
3 Құбыр құю цехы	14	2,2-156	628,3
4 Дәнекерлеу цехы	24	0,75-120	607,1
5 Жабдық қоймасы	4	7,5-11	38,2
6 Экструзия цехы	26	0,7-751	2267,7

2.2 Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу

Завод цехтары бойынша кернеуі 1кВ-қа дейінгі электр жүктемелерді есептеу жеңілдетілген әдіс – реттелген диаграммалар – бойынша жүргізіледі. Цехтар бойынша күштік және жарықтану жүктемелерді есептеудің нәтижелері 2.3-кестеге “Кернеуі 0,4 кВ завод цехтары бойынша күштік жүктемелерді есептеуге” енгізілген.

Заводтың ГПП және цех ТП орналасу орынын анықтау мақсатымен жобалау кезінде электр жүктемелер картограммасын құрады.

Картограмма–заводтың жалпы планында орналасқан шеңберлер. Шеңберлердің аймағы таңдалған масштабта цехтардың есептелген жүктемелеріне сәйкес келеді.

Төменгі вольті жүктеме үшін картограмма цехтің жарықтандыру үлесін көрсету керек. Оны цехтің сәйкес келетін шеңбердің секторы түрінде көрсетуге болады.

2.3-кестенің 16 графасында электрлік жүктеменің картограммасын есептеу үшін шеңбер радиусы (1) жазылады:

$$r_i = \sqrt{\frac{Pp}{\pi m}}\,. \qquad (2.1)$$

P_p активті қуаты ең үлкен цех үшін шеңбер сызамыз, радиусын анықтаймыз, масштабын табамыз:

$$m = \frac{P_p}{\pi \times r^2}\,. \qquad (2.2)$$

17 графа – сектор бұрышы (жарықтану жүктемесінің үлесі):

$$\alpha = \frac{P_{po}}{P_p} \times 360\,. \qquad (2.3)$$

Жоғары вольтті жүктемелер үшін (СҚ және ДСП бар цехтар) өз масштабын қабылдаймыз және картограмма шеңберінің радиусын есептейміз.

2.3-кесте - Жарық жүктемесін есептеу

Өндіріс орындарының атаулары	Орындардың ауданы, $м^2$	Меншікті жарық жүктемесі ρ_0, $кВт/м^2$	Сұраныс коэффициенті, Кс	Тұрақты жарықтандыру қуаты, $P_{уо}$, кВт	Жарықтандыру жүктемесініңесебі		cosφ	tgφ
					$P_{ро}$,кВт	$Q_{ро}$,кВт		
1 Механикалық цех	864	0,013	1	11,2	11,2	5,6	0,9	0,5
2 Фитинг құю цехы	1944	0,015	0,85	29,2	24,8	12,4	0,9	0,5
3 Құбыр құю цехы	1944	0,015	0,85	29,2	24,8	12,4	0,9	0,5
4 Дәнекерлеу цехы	2376	0,015	0,8	35,6	28,51	14,1	0,9	0,5
5 Қойма	864	0,015	0,85	13	11	5,5	0,9	0,5
6 Экструзия цехы	3888	0,015	0,8	58,3	46,7	23,3	0,9	0,5
Территория	57424	0,0005	1	28,7	28,7	14,1	0,9	0,5

2.4 кестесінің жалғасы

Цех атаулары және эқ топтары	ЭҚ саны n	Номиналды қуаттылығы		m	$K_и$	cosφ	tgφ	Орташа жүктеме		$n_э$	$K_м$	Қуаттылығын есептеу			R, мм	α, град
		P_{min}/ P_{max}, кВт	$\sum P_н$, кВт					$P_{см}$, кВт	$Q_{см}$, кВАр			$P_р$, кВт	$Q_р$, кВАр	$S_р$, кВА		
1 механикалық цех																
күштік	17	2,2-22	201	<3	0,3	0,7	1	60,3	60,3	17	1,37	82,6	60,3			
жарықтандыру								11,2	5,6			11,2	5,6			
жинағы								71,5	66			93,8	66	114,7	35,7	66,8
2 цех заливки фитингов																
күштік	12	5-50	370,9	<3	0,7	0,8	0,75	259,6	194,7	12	1,15	298,5	194,7			
жарықтандыру								24,7	12,4			24,7	12,4			
жинағы								350,2	207,1			323,2	207,1	377,3	48,6	34,2
3 құбыр құю цехы																
күштік	10	2,2-156	628,3	<3	0,7	0,8	0,75	439,8	329,8	8	1,2	527,76	362,8			
жарықтандыру								24,8	12,4			24,8	12,4			
жинағы								464,6	342,2			552,6	375,2	668	63,3	20,3
4 дәнекерлеу цехы																
күштік	22	0,75-120	607,1	<3	0,7	0,8	0,75	425	318,8	10,1	1,16	493	318,8			
жарықтандыру								28,5	14,1			28,5	14,1			
жинағы								453,5	332,9			521,5	332,9	618,7	62,2	24,1

2.4 кестесінің жалғасы

Цех атаулары және эк топтары	ЭҚ саны n	Номиналды қуаттылығы		m	$К_и$	cosφ	tgφ	Орташа жүктеме		$n_э$	$К_м$	Қуаттылығын есептеу			R, мм	α, град
		P_{min}/ P_{max}, кВт	$\sum P_н$, кВт					$P_{см}$, кВт	$Q_{см}$, кВАр			$P_р$, кВт	$Q_р$, кВАр	$S_р$, кВА		
5 қойма																
күштік	3	7,5-11	38,2	<3	0,3	0,7	1	26,7	26,7	3	2,14	57	29,4			
жарықтандыру								11	5,5			11	5,5			
жинағы								37,7	32,2			68	35	53,1	15,6	148,3
6 экструзия цехы																
күштік	23	0,7-751	2267,7	<3	0,7	0,8	0,75	1587,4	1190,5	6	1,1	1925,5	1309,5			
жарықтандыру								46,7	23,3			46,7	23,3			
жинағы								1634	1213,8			1972,2	1332,8	2234	120,2	10,6
территорияны жарықтандыру												28,7	14,1			
0,4 кВшина бойынша жинағы	87	0,7-751	4113,2	<3	0,73	0,8	0,73	3011,6	2194,2	11	1,15	3344,9	2362,9	4095,3		

2.3 Цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты қарымталау

Цех трансформаторларының саны мен қуатын технико-экономикалық есептеулер жолымен анықтауға болады. Келесі факторларды ескеріп: тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігінің категориясы; 1кВ-қа дейінгі реактивті жүктемені компенсациялауын; қалыпты (нормалы) және авариялы режимдерде трансформатордың аса жүктелу қабілетін; стандартты қуаттар қадамы; жүктеме графигі бойынша трансформаторлардың тиімді жұмыс режимдерін анықтаймыз.

Реактивті қуатты есептеуді “Электроснабжение промышленных предприятий” оқулығымен сәйкес жүргіземіз.[7]

Есеп шығару үшін берілулер: $P_{р0,4}$=3344,9 кВт; $Q_{р0,4}$=2362,93кВАр; $S_{р0,4}$=4095,3 кВА.

Құбыр зауыты 2 категориялы тұтынушыларға жатады, зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді; сондықтан трансформатордың жүктелу коэффициенті $К_{зтр}$=0,7. Трансформатор қуатын $S_{нтр}$=400 кВА тең қабылдаймыз.[1]

Ең көп есептік активті жүктемені қамдау үшін қажетті қуаттары бірдей цех трансформаторлардың минималды саны:

$$N_{т\,min} = \frac{P_{р\,0,4}}{Кз \times Sнт} + \Delta N = \frac{3344,9}{0,7 \times 400} + 0,053 = 12 \text{ дана,} \qquad (2.5)$$

мұнда $P_{р\,0,4}$ – соммалы есептік активті қуат;

$к_з$ –трансформатордың жүктелу коэффициенті;

$S_{нтр}$ – трансформатордың қабылданған номинал қуаты;

ΔN – ең жақын бүтін санға дейінгі қосымша.

Экономика жағынан тиімді саны:

$$N_{т..э} = N_{min} + m, \qquad (2.6)$$

мұнда m – қосымша трансформаторлардын саны,

$N_{т..э}$ - $З^*_{п/ст}$ капиталды шығындардың тұрақты құраушыларын ескеріп, реактивтіқуатты беруге кететін меншікті шығындармен анықталады.

$З^*_{п/ст}$= 0,5; $к_з$ = 0,7;N_{min} = 12; ΔN = 0 болғандықтан m=0, ал $N_{т.э}$=12+0=12 трансформатор.

Трансформаторлардың таңдалған саны бойынша кернеуі 1 кВ-қа дейінгі желіге трансформаторлар арқылы берілетін ең көп реактивті қуатты анықтайды (2.1-сурет):

$$Q_1=\sqrt{(N_{тэ}\times Sнт\times K_з)^2-(P^2_{р0,4})}=\sqrt{(12\times 400\times 0,7)^2-(3344,9)^2}=318,2\ кВАр. \qquad (2.7)$$



2.1 - сурет - Трансформатор саны мен реактивті қарымталаушы құрылғының сұлбасы

0,4 кВ шиналарында реактивті қуаттар балансы шартынан $Q_{нбк\ 1}$ шамасын анықтаймыз:

$$Q_{нбк\ 1}=Q_{р\ 0,4}-Q_1=2362,93-318,2=2044,7\ кВАр. \qquad (2.8)$$

Трансформаторлардың бұл тобы үшін төменгі кернеу конденсаторлар батареясының (НБК) қосымша $Q_{нбк2}$ қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{нбк2}=Q_{р0,4}-Q_{нбк1}-\gamma\times N_{тэ}\times S_{нт}=2362,93-2044,7-0,25\times 12\times 400=-1518,2\ кВАр, \qquad (2.9)$$

мұнда γ =0,7 –есептік коэффициент;

$\gamma = f(K_1=14, K_2=2$ – қуаты $Q_{нтр}$ = 400 кВА трансформаторлар үшін /13-кесте 2.1,2.2/-ден) [4].

$Q_{нбк2}<0$ болғандықтан, $Q_{нбк2}=0$-деп қабылдаймыз, сондықтан:

$$Q_{нбк}=Q_{нбк\ 1}+Q_{нбк\ 2}=2044,7+0=2044,7\ кВАр. \qquad (2.10)$$

Әр трансформаторға келісетін бір конденсаторлар батареясының қуатын анықтаймыз:

$$Q_{нбк\ тп}=\frac{Q_{нбк}}{N_{т\ з}}=\frac{2044,7}{12}=147,5\approx 150\ кВАр. \qquad (2.11)$$

[1] әдебиеттен келесідей конденсаторлар батареясын таңдаймыз:
УКБН-0,38-150УЗ

Есептеулер нәтижесі бойынша 2.5-кестеге “ТП бойынша цехтер жүктемелерін тарату” құрылады.

Цех ҚС-рын бір және екі трансформаторлы деп қабылдаймыз. Цехтарды, олардың жүктемелерін ескеріп, территориялық белгі бойынша топтарға жинаймыз. ТП1-ТП7 кернеуі 10,5 кв шинаға қосылған. Заводтың жалпы жоспарында ТП1-ТП7-ны (10/0,4 кВ) орналастырамыз

2.5 - кесте - ТП бойынша цехтың төмені вольті жүктемелерін есептеу

№	№ ТП нөмері	$P_{р0,4}$, кВт	$Q_{р0,4}$, кВАр	$S_{р0,4}$, кВА	$К_з$
2 3 4	ТП №1-3 (5х400) S=5х400=2000 кВА $Q_{НБК}$=5х150=600 кВар	315,4 552,6 521,5	207,1 375,2 332,9 915,2 600		
		1389,5	-315,2	1424	0,71
1 5 6 жарық	ТП № 4-7 (7х400) S=7х400=2800 кВА $Q_{НБК}$=7х150=1050 кВАР	93,8 40,1 1792,8 28,7	66 34,8 1332,8 14,1 1447,7 1050		
	Барлығы	1955,4	397,7	1995	0,71

2.4 $Q_{нбк}$ ТП-ң реактивті жүктемесіне пропорционал тарату

Бастапқы берілулер:
$Q_{р\ 0,4}$=2362,93 кВАр;
$Q_{нбк}$=2044,7 кВАр.
ТП1- ТП3 : $Q_{р\ ТП\ 1-3}$=915,2 кВАр, $Q_{р\ нбк\ ТП\ 1-3}$= х,

$$Q_{р\ нбк\ тп1-3} = \frac{Q_{нбк} \cdot Q_{р\ тп1-3}}{Q_{р\ 0,4}} = \frac{2044,7 \cdot 915,2}{2362,93} = 792 \quad кВАр. \qquad (2.12)$$

УКБН-0,38-200-50УЗ
сонымен, нақты реактивті қуат:

$$Q_{ф\ ТП1-3} = 5 \times 150 = 600 кВАр. \qquad (2.13)$$

ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{неск} = Q_{р\ ТП\ 1\text{-}3} - Q_{ф\ ТП\ 1\text{-}3} = 915{,}2 - 600 = 315{,}2 кВАр. \quad (2.14)$$

ТП4- ТП7: $Q_{р\ ТП\ 4\text{-}7} = 1447{,}7$ кВАр, $Q_{р\ нбк\ ТП\ 4\text{-}7} = x$,

$$Q_{Р\ нбк\ ТП\ 4\text{-}7,} = \frac{Q_{нбк} \times Q_{р\ тп\ 4\text{-}7}}{Q_{р\ 0,4}} = \frac{2044{,}7 \times 1447{,}7}{2362{,}93} = 1252{,}7\ кВАр. \quad (2.15)$$

УКБН-0,38-150-50УЗ
сонымен, нақты реактивті қуат:

$$Q_{ф\ ТП4\text{-}7} = 7 \times 150 = 1050\ кВАр. \quad (2.16)$$

ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{неск} = Q_{р\ ТП\ 4\text{-}7} - Q_{ф\ ТП\ 4\text{-}7} = 1477{,}7 - 1050 = 397{,}7\ кВАр. \quad (2.17)$$

ТП бойынша $Q_{НБК}$–ны таратудың есептік және бастапқы берілулері 2.6-кестеге енгізілген.

2.6-кесте - ТП бойынша $Q_{НБК}$ қуаттарын анықтау (қорытынды)

ТП номірі	$Q_{P_{ТП}}$, кВАр	$Q_{рНБК}$, кВАр	$Q_{НБК_{ТПскомп}}$, кВАр	$Q_{нескомп}$, кВАр
ТП № 1-3	915,2	792	900	15,2
ТП № 4-7	1433,6	1252,7	1350	77,7
Барлығы	2348,8	2044,7	2250	93

ТМН-400-10/0,4 трансформаторын таңдаймыз (2.7-кесте).

2.7-кесте - Трансформатордың паспорттық берілулері

Трансформатор түрі	$S_Н$, $кВ \cdot А$	I_{XX}, %	$U_{КЗ}$, %	$\Delta P_{КЗ}$, кВт	P_{XX}, кВт
ТМ-400-10 (0,4)	400	2,1	4,5	0,95	5,5

Жүктелу коэффициентінің мәнін 2.4-кестеден аламыз.
ТП1-3: Кз=0,71;
N=5;

$$\Delta Pm = (5{,}5 + 0{,}95 \cdot 0{,}7^2) \cdot 5 = 29{,}8 \quad кВт; \tag{2.18}$$

$$\Delta Qm = 0{,}01 \cdot (3 + 4{,}5 \cdot 0{,}7^2) \cdot 5 \cdot 400 = 104{,}1 \quad кВар. \tag{2.19}$$

ТП4-7: Кз=0,71;

N=7;

$$\Delta Pm = (5{,}5 + 0{,}95 \cdot 0{,}7^2) \cdot 7 = 41{,}7 \quad кВт;$$

$$\Delta Qm = 0{,}01 \cdot (3 + 4{,}5 \cdot 0{,}7^2) \cdot 7 \cdot 400 = 145{,}7 \quad кВар.$$

Барлық трансформаторлардағы қосынды шығындары:

$\Sigma\Delta P_{1\text{-}7}$=29,8+41,7 =71,5 кВт.
$\Sigma\Delta Q_{1\text{-}7}$=104,1+145,7=249,5 кВАр.

2.5 ГПП 10 кВ шинасындағы реактивті қуаттың компенсациясын есептеу

Резервті қуаты

$$Q_{рез}=0{,}1\times\Sigma Q_{расч}=0{,}1\times(Q_{р0,4}+\Delta Q_т)=0{,}1\times(2362{,}93+249{,}5)=261{,}2 \text{ кВАр.} \tag{2.20}$$

Энергожүйеден берілетін қуаты:

$$Q_э=0{,}25\times\Sigma P_р=0{,}25\times(P_{р0,4}+\Delta P_т)=0.25\times(3344{,}9+71{,}5)=3416{,}4 \text{ кВАр.} \tag{2.21}$$

Реактивті қуаттар балансы шарты бойынша ВБК қуатын анықтаймыз:

$$Q_{ВБК}=Q_{р0,4}+\Delta Q_т+Q_{рез}-Q_э-Q_{НБК},$$
$$Q_{ВБК}=2362{,}93+249{,}5+261{,}2-3416{,}4-2250=-2792{,}77 \text{кВАр.} \tag{2.22}$$

Зауыт бойынша электр жүктемесінің нақты есебі 2.8 кестесінде келтірілген – « Зауыт бойынша жүктеменің нақты есебі».

2.8 - кесте - Зауыттың эл.жүктемесін дәл есептеу

ТП-дың нөмірі	Цехтардың номері	ЭҚ саны	Тұрақталған қуаттылық		$К_и$	Орта жүктеме макс.загр.см.		$n_э$	$К_м$	Есептелген қуаттылық			$К_з$
		n	P_{min}/P_{max} кВт	Жалпы ∑Рн кВт		Рсм кВт	Qсм кВАр			$P_р$	$Q_р$	$S_р$	
ТП № 1-3	2	14	5-50	370,9		259,6	194,7						
	3	14	2,2-156	628,3		439,8	329,8						
(5х400 кВА)	4	24	0,75-120	607,1		425	318,8						
күштік		52	0,75-156	1606,3	0,7	1124,4	843,3	20,6	1,11	1248,1	843,3		
жарықтандыру										78	39		
терр.жарықтандыру										28,7	14,1		
.													
Qнбк(5×150 кВАр)											-750		
қорытынды										1354,8	146,4	1362	0,68
ТП № 4-7	1	21	2,2-22	201		60,3	60,3						
	5	4	7,5-11	38,2		26,7	26,7						
(7х400 кВА)	6	26	0,7-751	2267,7		1587,4	1190,5						
күштік		51	0,7-571	2506,9	0,7	1674,5	1277,5	9	1,18	1976	1405,2		
жарықтандыру										69	34,4		
Qнбк (7×150 кВАр)											-1050		
қорытынды										2015	389,6	2052,3	0,73

3 Арнайы бөлім

3.1 Алматы қаласындағы құбыр зауытының электрмен жабдықталуын жобалау және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау

3.1.1Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын салыстыру

Өнеркәсіптік электржабдықтаудың оптимизациялау есептерін шешу кезінде бірнеше нұсқаларды салыстыру қажеттілігі туады. Өнеркәсіптік энергетика есептердің көп нұсқаларының бар болуы технико-экономикалық есептеулерді жүргізуді қажет етеді. Ол есептеулердің мақсаты – сұлбаның оптималды (тиімді) нұсқасын анықтау, электр жүйенің және оның элементтерінің параметрлерін анықтау.

Қорек көзі ЖЭО-дан және шексіз қуатты қосалқы энергожүйеден алынып орындалған. ЖЭО жүйемен параллель жұмыс істейді. ЖЭО-ның 10,5 кВ шинасында қысқа тұйықталу қуаты 400 МВА. Энергожүйенің қосалқы станцияда қуаты 16 МВА кернеулері 35/10,5/6,3кВ екі трансформатор орналасқан. Трансформаторлар бөлек тәуелсіз жұмыс істейді.Қосалқы станцияның 35 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 600 МВА. ЖЭО-дан заводқа дейін 4,8 км, ал қосалқы станция энергожүйесінен заводқа дейін 7 км.

Технико-экономикалық салыстыруды жүргізу үшін электрмен жабдықтаудың 2 нұсқасын қарастырамыз:

1-нұсқа–БТҚС-да кернеуі 35 кВ екі орамды трансформаторларды орнату.

2-нұсқа–ЖЭО-нан ЖШС «Қазақстан құбыр зауытына» дейінгі әуе желісіне қорғаныс аппараттарын таңдау.

3.2 Бірінші нұсқа

3.2.1 ГПП трансформаторларын таңдау

Энергожүйе қосалқы станциясының жоғарғы кернеуі. Электржабдықтау сұлбасының бірінші нұсқасы 3.1-суретте көрсетілген.



3.1 – сурет - Электржабдықтау сұлбасының бірінші нұсқасы

ГПП трансформаторларын таңдаймыз

$$S = \sqrt{Pp^2 + Qэ^2} = \sqrt{2530{,}5^2 + 3416{,}4^2} = 4251{,}5 \quad кВА. \qquad (3.1)$$

Қуаттылығы 4000 кВА-лі екі трансформатор таңдаймыз.
Жүктелу коэффициенті:

$$K_з = \frac{Sp}{2 \cdot Sн} = \frac{4781{,}2}{2 \cdot 4000} = 0{,}59. \qquad (3.2)$$

Трансформатордың паспорттық берілулері:
Трансформатор түрі ТМ-4000/35/10,5;
$S_н$=4000 кВА, $U_{вн}$=35 кВ, $U_{нн}$=10,5 кВ, $\Delta P_{хх}$=5,3 кВт, $\Delta P_{кз}$=33,5 кВт, $U_{кз}$=7,5%, $I_{хх}$=0,9%.
Трансформатордағы активті қуат шығыны:

$$\Delta P_{тгпп} = 2\cdot(\Delta P_{хх} + \Delta P_{кз}\cdot K_з^2) = 2\cdot(5{,}3 + 33{,}5\cdot 0{,}59^2) = 34\ \ кВт. \qquad (3.3)$$

реактивті қуат шығыны:

$$\Delta Q_{тгпп} = 0{,}02\cdot(I_{хх} + U_{кз}\cdot K_з^2)\cdot Sн;$$

$$\Delta Q_{тгпп} = 0{,}02\cdot(0.9 + 7{,}5\cdot 0.59^2)\cdot 4000 = 280{,}86\ \ кВАр. \qquad (3.4)$$

Трансформатор энергиясының шығыны.
Үш ауысыммен жұмыс істеу режимі кезінде: $T_{вкл}$=6000 сағ; $T_{макс}$=6000 сағ.
Онда максималды шығын уақыты:

$$\tau = (0{,}124 + Tм\cdot 10^{-4})^2\cdot 8760 = (0{,}124 + 6000\cdot 10^{-4})^2\cdot 8760 = 4592\ \ с. \qquad (3.5)$$

Трансформатордың активті қуат шығыны:

$$\Delta W = 2\cdot(\Delta P_{хх}\cdot T_{вкл} + \Delta P_{кз}\cdot\tau\cdot K_з^2),$$

$$W = 2\cdot(5{,}3\cdot 6000 + 33{,}5\cdot 4592\cdot 0{,}59^2) = 170697{,}83\ кВт\cdot сағ. \qquad (3.6)$$

3.2.2 Электр беріліс желісі (ЭБЖ) кернеуі 35 кВ

ЛЭП-тен өтетін толық қуаты:

$$S_{лэп} = \sqrt{\left(P_p + \Delta P_{тгпп}\right)^2 + Q_э^2} = \sqrt{(2530{,}7 + 34)^2 + 3416{,}4^2} = 4272\ \ кВА. \qquad (3.7)$$

Бір желіден өтетін есептеу тоғы:

$$Iр = \frac{S_{лэп}}{2\cdot\sqrt{3}\cdot Uн} = \frac{4272}{2\cdot\sqrt{3}\cdot 35} = 35{,}3 A. \qquad (3.8)$$

Авариялық режимдегі ток:

$$I_а = 2\cdot I_р = 2\cdot 35{,}3 = 70{,}6\ А. \qquad (3.9)$$

Экономикалық токтың тығыздығына байланысты сым қимасын анықтаймыз:

$$F = \frac{Ip}{j} = \frac{35,3}{1} = 35,3 мм^2, \quad (3.10)$$

мұнда j=1 А/мм^2 экономикалық токтың тығыздығы, $T_м$=6000 сағ және алюминий сымы.

Мына сымды қабылдаймыз: АС–70/11, $I_{доп}$=265 А [6].
Берілген ток бойынша таңдалған сымды тексереміз.
Есеп айыратын тоқ бойынша:

$$I_{доп}=265A>I_р=35,3 \text{ А}.$$

Авариялық режим бойынша:

$$I_{доп\ ав}=1,3\cdot I_{доп}=1,3\cdot 265=344,5A>I_{ав}=70,6 \text{ А}. \quad (3.11)$$

ЛЭП(Электр өткізгіш желісі)-де электрэнергия шығыны:

$$\Delta W_{лэп5} = 2\cdot 3\cdot Ip^2\cdot R\cdot \tau = 2\cdot 3\cdot 35,3^2\cdot 3,01\cdot 4592 = 103340138 кВт\cdot сағ, \quad (3.12)$$

$$R=r_0\cdot L= r_0=0,43\cdot 7=3,01 \text{ Ом}, \quad (3.13)$$

мұнда r_0=0,43 Ом/км – болат алюминий сымының меншікті кедергісінің қимасы 70 мм^2, l=7 км – желі ұзындығы.

3.3 Кернеуі 35 кВ-қа ажыратқыш таңдаймыз

Аспап таңдап алмас бұрын, орынбасу сұлбасын құраймыз (3.2 - сурет) және қысқа тұйықталу тоғын есептейміз:



3.2 – сурет - Орынбасу сұлбасы

$S_б$=1000 МВА; $U_б$=35кВ. $S_{кз}$=600 МВА

x_c= Sб /Sкс= 1000/600=1,66 о.е.

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3} \times U_н} = \frac{1000}{\sqrt{3} \times 35} = 16{,}5 \ \ кА; \tag{3.14}$$

$$Xл = X_0 \cdot L \cdot \frac{Sб}{Uср^2} = 0{,}4 \cdot 7 \cdot \frac{1000}{35^2} = 2{,}28 \text{ о.е}, \tag{3.15}$$

$$I_{к1} = \frac{Iб}{Xc} = \frac{16{,}5}{1{,}66} = 9{,}94 \quad kA; \tag{3.16}$$

$$i_у = \sqrt{2} \cdot Ку \cdot I_{к1} = \sqrt{2} \cdot 1{,}8 \cdot 9{,}94 = 25{,}3 \ \ кА, \tag{3.17}$$

$$I_{к2} = \frac{Iб}{Xc + Xл} = \frac{16{,}5}{1.66 + 2.28} = 4{,}18 \ \ kA, \tag{3.18}$$

$$i_у = \sqrt{2} \cdot Ку \cdot I_{к2} = \sqrt{2} \cdot 1{,}8 \cdot 4{,}18 = 10{,}6 \ \ кА, \tag{3.19}$$

